



АБАЙ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ГЕОДЕЗИЯ, КАРТОГРАФИЯ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС
ЖОҒАРЫ КОЛЛЕДЖІ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

ҚАРАЛДЫ ЖӘНЕ
МАҚҰЛДАНДЫ
Педагогикалық кеңес
отырысында
№ _____ хаттама
« _____ » _____ 20 ____ ж.

БЕКІТЕМІН
«Геодезия, картография және
құрылыс жоғары колледжі»
КМҚК директоры
_____ К.М. Тулеуов
« _____ » _____ 20 ____ ж.



КОЛЛЕДЖДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ
ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

СЕМЕЙ, 2024 ж.

Психологиялық қызметтің мақсаты – бұл психологтың кәсіби қалыптасу процесінде студенттердің табысты оқуы мен жеке дамуына ықпал ететін әлеуметтік-психологиялық жағдайлар жүйесін құруға бағытталған кәсіби қызметі.

Психологиялық қызметтің негізгі міндеттері:

- 1) білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына жәрдемдесу, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- 2) білім алушыларға тез дамып келе жатқан ақпараттық қоғам жағдайында оларды табысты әлеуметтендіруде психологиялық көмек көрсету;
- 3) әрбір білім алушыға оның жеке басын психологиялық – педагогикалық зерделеу негізінде оның көзқарасын дараландыруға ықпал ету;
- 4) психологиялық диагностика жүргізу және білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту;
- 5) білім алушылардың психологиялық қиындықтары мен проблемаларын шешу бойынша психокоррекциялық жұмысты жүзеге асыру;
- 6) ата-аналар мен педагогтерге психологиялық мәселелерді шешуде және оқу-тәрбие жұмысының оңтайлы әдістерін таңдауда консультациялық көмек көрсету;
- 7) білім беру процесіне қатысушылардың психологиялық – педагогикалық құзыреттілігін арттыру.

Психологиялық қызмет жұмысының мазмұны:

Психологиялық қызмет өз қызметін психодиагностикалық, консультациялық, ағартушылық, профилактикалық, түзету-дамыту және әлеуметтік-диспетчерлік бағыттарда жүзеге асырады.

Психодиагностикалық бағыт мыналарды қамтиды:

- 1) білім алушылардың психологиялық диагностикасы;
- 2) білім алушыларды бейімдеу, дамыту және әлеуметтендіру мақсатында оларды кешенді психологиялық тексеру;
- 3) білім алушылардың қабілеттерін, қызығушылықтары мен бейімділігін психологиялық диагностикалау;
- 4) психологиялық диагностиканың қорытындылары бойынша қорытындылар мен ұсынымдар дайындау.

Консультативтік бағыт мыналарды қамтиды:

- 1) білім алушыларға, ата-аналарға және педагогтерге олардың сұраулары бойынша консультация беру;
- 2) білім алушыларға, ата-аналарға және педагогтерге жеке, кәсіби өзін-өзі анықтау және басқалармен өзара қарым-қатынас мәселелері бойынша жеке және топтық консультация беру;
- 3) күйзеліске, жанжалға, күшті эмоционалдық күйзеліске ұшыраған білім алушыларға психологиялық көмек көрсету;
- 4) тұлғааралық және топаралық жанжалдарды шешуде делдалдық жұмысты ұйымдастыру.

Ағартушылық-профилактикалық бағытқа мыналар кіреді:

- 1) білім алушылар мен педагогтердің кәсіби өсуіне, өзін-өзі анықтауына жәрдемдесу;
- 2) білім алушылардың әлеуметтік мінез-құлқының психологиялық профилактикасы;
- 3) педагогтерді аттестаттауды әлеуметтік – психологиялық сүйемелдеу;
- 4) әдістемелік бірлестіктер мен педагогикалық кеңестің және медициналық-психологиялық – педагогикалық консилиумдардың жұмысына жәрдемдесу.

Түзету-дамыту бағыты мыналарды қамтиды:

- 1) жеке өсу тренингтерін өткізу;
- 2) білім алушылар мен педагогтердің тұлғалық, интеллектуалдық, эмоционалды – ерікті, шығармашылық дамуын үйлестіру бойынша психокоррекциялық және дамытушылық сабақтарды ұйымдастыру;

3) жанжалды тұлғааралық қатынастарды түзету.

Әлеуметтік-диспетчерлік бағыт мыналарды қамтиды:

- 1) функционалдық міндеттер шеңберінен шығатын проблемаларды шешу бойынша сабақтас мамандармен (дәрігерлермен, дефектологтармен, логопедтермен, тифлопедагогтармен және басқалармен) өзара іс-қимылды жүзеге асыру, педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігі және көптеген мамандардың қатысуын талап етеді;
- 2) әлеуметтік-медициналық-психологиялық қызметтер туралы деректер банкін қалыптастыру;
- 3) шұғыл жағдайларда көмек көрсету бойынша сабақтас мамандармен және мүдделі органдармен өзара іс-қимыл мониторингін жүргізу

Қызмет жұмысын ұйымдастыру:

- 1) Психологиялық қызметтің бағыттары жеке тұлғаның дамуының әлеуметтік жағдайының ерекшелігін ескере отырып, біртұтас жүйе, процесс ретінде жұмыс істейді.
- 2) Практикалық психолог лауазымына тиісті бейіндегі жоғары оқу орнының дипломымен расталған біліктілігі бар маман тағайындалады.
- 3) Психологиялық қызмет қызметкерлерінің саны колледждің қажеттіліктері мен мүмкіндіктерімен анықталады.
- 4) Психологиялық қызметтің жұмысы директордың тәрбие жөніндегі орынбасары бекітетін жоспар мен кесте бойынша жүзеге асырылады.